

Сыныптың социометриясын жүргізу және оның нәтижелері негізінде сыныпта қолайлы психологиялық климат құру

АНЫҚТАМА

Мектепте сынып ұжымындағы оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау, психологиялық ахуалды зерттеу және қолайлы орта қалыптастыру мақсатында социометриялық зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында оқушылардың бір-біріне деген тандауы, қарым-қатынас ерекшеліктері, көшбасшылық деңгейі және сынып ішіндегі әлеуметтік байланыстары сараланды.


Социометрия нәтижесінде сыныптағы өзара сыйластық деңгейі, достық қарым-қатынастар және оқушылардың ұжымдағы орны анықталды. Зерттеу қорытындысы бойынша сыныпта белсенді көшбасшы оқушылар бар екені, көпшілікпен жақсы араласатын балалардың саны басым екені байқалды. Сонымен қатар кейбір оқушылардың тұйықтық танытып, ұжыммен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға кездесетіні анықталды.

Зерттеу нәтижелері негізінде сыныпта жағымды психологиялық климат қалыптастыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды:

- топтық тренингтер мен психологиялық ойындар өткізу;
- оқушылар арасындағы ынтымақтастықты дамыту;
- бірлескен шығармашылық және спорттық шаралар ұйымдастыру;
- оқшауланған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу;
- достық, сыйластық, өзара қолдау құндылықтарын насихаттау;
- ата-аналармен және пән мұғалімдерімен бірлескен жұмыстар жүргізу.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде сыныптағы қарым-қатынас жақсарып, оқушылардың бір-біріне деген сенімі мен қолдауы арта түсті. Сыныпта жағымды эмоционалдық орта қалыптасып, оқушылардың мектеп өміріне белсенді қатысуы байқалды.

Жауапты ДТЖО



А.М.Каепов